

Қазақстан Республикасында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын ерікті тарату ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 3 наурыздағы N 55 қаулысы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2001 жылғы 19 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 1471. Қаулының күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі 2007 жылғы 30 наурыздағы N 61 қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі 2007 жылғы 30 наурыздағы N 61 (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Сақтандыру қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Қазақстан Республикасында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын ерікті тарату ережесі бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енгізілсін.

2. Банктерді тарату ісін бақылау басқармасы (Бадырленова Ж.Р.) және Сақтандыруды қадағалау департаменті (Құрманов Ж.Б.) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Қазақстан Республикасында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын ерікті тарату ережесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын.

3. Банктерді тарату ісін бақылау басқармасы (Бадырленова Ж.Р.) осы қаулы және Қазақстан Республикасында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын ерікті тарату ережесі Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күннің ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарына жіберсін.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдары Банктерді тарату ісін бақылау басқармасынан осы қаулыны және Қазақстан Республикасында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын ерікті тарату ережесін алған күннен бастап төрт күннен аспайтын мерзімде сақтандыру (қайта

сақтандыру) ұйымдарына жіберсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары К.А.Колпаковқа жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ұ л т т ы қ Б а н к і Б а с қ а р м а с ы н ы ң
2 0 0 1 ж ы л ғ ы 3 н а у р ы з д а ғ ы
N 5 5 қ а у л ы с ы
БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасында сақтандыру
(қайта сақтандыру) ұйымдарын ерікті тарату
ережесі**

Ескерту: Мәтіндегі "уәкілетті мемлекеттік орган", "уәкілетті мемлекеттік органға", "уәкілетті мемлекеттік органның", "уәкілетті мемлекеттік органды", "уәкілетті мемлекеттік органдарға" деген сөздер тиісінше "уәкілетті орган", "уәкілетті органға", "уәкілетті органның", "уәкілетті органды", "уәкілетті органдарға" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 9 қаулысымен .

Осы Ереже Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне , " Сақтандыру қызметі туралы ", "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ", " Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу мен қадағалау туралы ", " Акционерлік қоғамдар туралы " Қазақстан Республикасының Заңдарына, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын ерікті тарату ерекшеліктерін, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының тарату комиссиялары қызметінің ерекшеліктерін, таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының кредиторлар комитетін құру және қызметінің ерекшеліктерін, қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі - уәкілетті орган) өкілеттіктерін белгілейді.

Ескерту: Кіріспе жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 9 қаулысымен .

**1-тарау. Уәкілетті органның
сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ерікті
таратуға рұқсат беру тәртібі**

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы акционерлердің жалпы жиналысының шешімі негізінде уәкілетті органға ерікті таратылуға рұқсат беру туралы өтініш жасауға құқылы.

2. Ерікті тарату туралы өтініш уәкілетті органға мынадай құжаттармен бірге ұ с ы н ы л а д ы :

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы акционерлерінің жалпы жиналысының ерікті тарату туралы шешімі;

2) тарату комиссиясының, оның ішінде филиалдарда немесе өкілдіктерде құрылатын оның бөлімшелерінің мүшелігіне кандидаттардың тізімі;

3) акционерлердің жалпы жиналысының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ерікті тарату туралы шешімін қабылдау күніне барлық есепшоттардың талдамалары бар, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы өз міндеттерін толық орындауы үшін меншік қаражатының жеткілікті болуы жөнінде мәлімдейтін аудиторлық қорытындымен расталған бухгалтерлік баланс;

4) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы міндеттемелерінің сомасы туралы мәліметтер болуы тиіс сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кредиторлар т і з і м і ;

5) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жасаған сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша оның міндеттемелерінен тұратын сақтандыру портфелін басқа сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына беру (берілген жағдайда) туралы а қ п а р а т ;

6) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өз қызметін тоқтатуға дайындық мерзімі мен кезеңдері туралы акционерлердің жалпы жиналысы бекіткен іс-шаралар тізбесі (жоспары мен кестесі).

3. Ерікті тарату туралы өтініште сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өзінің барлық кредиторларының талаптарын толық қанағаттандыруды қамтамасыз ету жөнінде міндеттеме болуы тиіс.

4. Уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ерікті таратылуын жүзеге асыруға рұқсат алу жөніндегі өтінішті барлық қажетті құжаттар келіп түскен күннен бастап бір ай ішінде қарастыруы керек.

5. Уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымынан сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату жоспары мен кестесіне өзгерістер енгізуге құқылы.

6. Уәкілетті органның сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ерікті таратуға рұқсат беру және сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензияларды қайтару туралы шешімі оның өтініш берушіге жіберілген күнінен бастап күшіне е н е д і .

Ескерту: 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 9 қаулысымен .

7. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ерікті таратуға рұқсат алу кезінде уәкілетті органның осы шешімі күшіне енген сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына бұрын берілген лицензияның түпнұсқаларын уәкілетті органға қайтарады.

Ескерту: 7-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 9 қаулысымен .

8. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген негіздер бойынша ерікті таратуға рұқсат беруден бас тартуға құқылы, бұл туралы бас тартудың негіздерін көрсете отырып өтініш берушіге жазбаша хабарлайды.

2-тарау. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ерікті таратуды жүзеге асыру тәртібі

9. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы уәкілетті органның ерікті таратуға рұқсатын алғаннан кейін заңды тұлғаларды тіркейтін әділет органына сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату жөнінде дереу жазбаша хабарлауға міндетті.

10. Уәкілетті органның ерікті таратуға рұқсат беру туралы шешімі күшіне енгеннен кейін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы акционерлерінің жалпы жиналысы бес жұмыс күні ішінде филиалдар мен өкілдіктерді есепке ала отырып, тарату комиссиясын құрады.

Ескерту: 10-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 9 қаулысымен .

11. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясын құру күні ерікті тарату процесінің басы болып есептеледі.

12. Тарату комиссиясы құрылған күнінен бастап он күндік мерзімде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ерікті тарату жөніндегі ақпаратты сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кредиторлары өз талаптарын ұсынуы үшін шағым-талаптарды ұсыну тәртібін, мерзімі мен мекен-жайын міндетті түрде көрсете отырып орталық әділет органының ресми басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялауға міндетті.

Шағым-талаптарды ұсыну мерзімі тарату жөніндегі ақпараттың жарияланғанынан бастап екі айдан кем болмауы тиіс.

13. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясын құрған күннен бастап және тарату процесі аяқталғанға дейін:

1) ерікті таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы акционерлерінің

жалпы жиналысының, басқа органдар мен лауазымды тұлғалардың, оның ішінде мүлікті басқару және міндеттемелерді өтеу жөніндегі өкілеттіктері, олардың сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын басқару жөніндегі құқықтары осы Ережеде көзделгеннен басқа жағдайларда тоқтатылады;

2) таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атынан немесе соның есебінен жүзеге асырылатын іс-әрекеттердің оларды сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату комиссиясының төрағасы жасаған жағдайда немесе оларға берілген сенімхат бойынша заңды күші болады;

3) таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдардың борыштық міндеттемелерінің мерзімі "Сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 72-бабының 2-тармағында көзделген сақтандыру төлемдері жөніндегі міндеттемелерді қоспағанда аяқталды деп саналады;

4) таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының кредиторлық берешектерінің барлық түрлері бойынша тұрақсыздық айыбы және сыйақы е с е п т е у т о қ т а т ы л а д ы ;

5) таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының мүлкіне өндіріп алуға белгіленген заңды шектеулердің бәрі алынып тасталады;

б) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына қатысты мүліктік сипаттағы барлық талаптар осы сәттен бастап тек сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының тарату комиссиясының атына берілуі тиіс және осы Ережеде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қаралуы тиіс.

14. Тарату комиссиясы кредиторларды табу және олардың талаптарын қанағаттандыру, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының дебиторларынан берешекті алу шараларын қабылдайды.

15. Таратуға байланысты барлық шығыстар таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қаражаты есебінен ғана жұмсалады.

Ескерту: 15-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 9 қаулысымен .

3-тарау. Тарату комиссиясы

16. Тарату комиссиясы өзі құрылған күннен бастап он күндік мерзімде осы Ережеде белгіленген жағдайларды қоспағанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының басшылығынан қабылдау-өткізу актісі бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының мүлкін және құжаттарын қабылдап алады.

17. Тарату комиссиясы құрылған күннен бастап оған таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының ісін және мүлкін басқару жөніндегі барлық өкілеттіктер көшеді.

Тарату комиссиясы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының ісін оның

ішінде оның кредиторлармен және акционерлермен есеп айырысуын қамтамасыз етуін аяқтау үшін шараларын қабылдайды.

Тарату комиссиясы өзінің құзырына кіретін мәселелер бойынша шешім қабылдау кезінде таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының атынан іс-әрекет жасайды және дербес бола алады.

Тарату комиссиясының шешімі хаттамамен ресімделеді.

18. Кредиторлар комитеті құрылғанға дейін тарату комиссиясының төрағасы мен мүшелерінің негізгі және қосымша төлемдерінің мөлшерімен қоса тарату шығыстарының сметасы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары акционерлерінің жалпы жиналысында бекітіледі.

19. Тарату комиссиясының төрағасы тарату комиссиясының жұмысын басқарады және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес қызмет етуіне жеке жауап береді. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының тарату комиссиясының төрағасы болмаған кезде оның міндеттерін орынбасары орындайды.

20. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалы не өкілдіктері болса, оларды сол жерде құрылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының тарату комиссиясының бөлімшесі (бұдан әрі - бөлімше) таратады.

21. Бөлімшені тарату комиссиясы мүшелерінің ішінен тағайындалған басшы (бұдан әрі - бөлімше басшысы) басқарады.

Бөлімше басшысы өзінің қызметін тарату комиссиясының төрағасы берген сенімхат негізінде жүзеге асырады. Бөлімше басшысы және бөлімше тарату комиссиясының төрағасына есеп береді.

22. Бөлімше басшысы бөлімшенің қызметіне жауап береді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалын және өкілдігін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес таратады.

23. Тарату комиссиясы мүшесінің бөлімше басшысының, тарату комиссиясының тартылған қызметкерінің еңбекақы талаптарымен қоса, құқықтары мен міндеттері тарату комиссиясының төрағасымен жасалатын жеке еңбек шартында (келісім-шартта) белгіленеді.

24. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының тарату комиссиясының төрағасы оралымды басқарады, бөлімше басшыларының жұмысын және бөлімшенің қызметін бақылайды.

25. Төраға, бөлімше басшысы және тарату комиссиясының мүшелері сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының келтірген зиян үшін және олардың сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын тарату барысындағы басқа да тәртіп бұзушылықтарға, олқылықтарға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленгендей жауап береді.

Асыра сілтеу және басқа да заң бұзу фактілері байқалған жағдайда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының тарату комиссиясы бұл жөнінде белгіленген тәртіппен құқық қорғау органдарына хабарлауға міндетті.

2 6 . < * >

Ескерту: 26-тармақ алынып тасталынды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 9 қаулысымен .

27. Тарату комиссиясы құрамының өзгеруі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзырына жатады.

2 8 . Т а р а т у к о м и с с и я с ы :

1) "сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының басшылығынан сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының мөртабандарын, мөрлерін, ақпаратты электронды тасушылар, бағдарламалық қамтамасыз ету, бланктер және басқа да құжаттардың бәрінің қабылдау-өткізу актісін жасай отырып тез арада қ а б ы л д а й д ы ;

2) қабылдау-өткізу актісі бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының активтерін оның ішінде мүлкін қабылдайды;

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының кассасын тез арада түгендейді, ақша қалдығын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының ағымдағы есепшотына есептейді;

4) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының банктік есепшоттарын салыстырып тексереді, оларды жабады және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының тарату ісі басталған күннен бастап 10 күн ішінде таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының теңгемен және шетел валютасымен ағымдағы есепшотын ашады;

5) уәкілетті органның сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын ерікті таратуға және лицензиясын қайтарып алуға рұқсат беру туралы шешімінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының тарату комиссиясын тағайындау туралы шешімінің көшірмелерін акционерлердің жалпы жиналысының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының кредиторлары мен клиенттеріне көруге болатын жерге орналастырады;

6) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметкерлерін еңбек заңдарына сәйкес жұмыстан босатады;

7) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының активтерін анықтайды;

8) тарату мақсатына сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының атынан барлық активтерді басқарады;

8-1) өзі жасаған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша міндеттемелерден тұратын сақтандыру портфелін басқа сақтандыру (қайта

сақтандыру) ұйымына беру жөнінде шаралар қабылдайды;

9) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары басшыларының атынан сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату және оның қызметін аяқтау мақсаттарына сай келетін функцияларын орындайды;

10) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының атынан талап ете алады және сотта сөйлейді;

11) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының бағдарламалық қамтамасыз ету және ақпаратты электронмен тасымалдаушылардың, сондай-ақ басқа да ақпараттың сақталуын қамтамасыз етеді;

12) толық материалдық жауап беретін адамдардың, оның ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының бухгалтерлік есебін жүргізу мен бухгалтерлік және басқа да есебін өңдеудің электронды жүйесіне кіре алатын адамдардың шеңберін белгілейді;

13) тарату комиссиясы құрылған күні бухгалтерлік есеп беру архивінің деректер базасын электронды тасымалдаудан қағазға басып шығарады;

14) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының шарттарының (полистерінің) бланктерін және сақтандыру агенттеріндегі қолма-қол ақша қалдығын алады;

15) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ерікті таратуға рұқсат беру туралы уәкілетті органның шешімі күшіне енгенге дейін болған сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру (жүзеге асырудан бас тарту) туралы белгіленген тәртіппен шешім қабылдайды;

16) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының әрбір кредиторына олардың ерікті таратылуы жөнінде жазбаша хабарлайды;

17) кредиторлардың тізімін жасайды, қолдағы бар құжаттар бойынша олардың мекен-жайын белгілейді және талдау есебінің деректерімен салыстырып тексереді;

18) кредиторлар туралы мәліметтер болмаған жағдайда деректемелерді және жазбаша хабарлама беру мүмкіндігінің болмау себебін көрсете отырып акт жасайды;

19) таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары кредиторларының талаптарының заңдылығын белгілейді және оларды сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының бекітілген аралық тарату балансына сәйкес қанағаттандырады;

20) тарату комиссиясына жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуын қамтамасыз ету үшін келісім-шарт негізінде қажет мөлшерде қызметкерлер жалдайды;

21) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын таратудың барлық кезеңінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкін және құжаттарын сақтау

жөнінде шаралар қабылдайды;

22) тарату комиссиясының қызметіне бақылау жасайтын уәкілетті органның талап етуі бойынша тарату ісіне қатысты мәліметтер береді;

23) тарату, тарату балансы туралы есеп жасайды және оны сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы акционерлерінің жалпы жиналысының бекітуіне ұсынады;

24) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату аяқталған кезде құжаттарды сақтау үшін белгіленген тәртіппен мұрағатқа тапсырады және бұл туралы уәкілетті органға хабарлайды;

25) осы Ережеге және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де құқықтары мен міндеттері болады.

Ескерту: 28-тармаққа өзгерту мен толықтырулар енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 9 қаулысымен .

29. Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ағымдағы шоты оның бас офісі орналасқан жердегі екінші деңгейдегі банкте ашылады.

Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, оның ішінде филиалдарының не өкілдіктерінің барлық ақшасы таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ағымдағы шотқа есептеледі.

Тарату комиссиясы таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының алдында заңды және жеке тұлғалардың міндеттемелері болмаған жағдайда олардың жазбаша талап етуі бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ерікті таратылуға рұқсат алғаннан кейін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының банктік есепшоттарына түскен ақшаны кешіктірмей қайтарады.

Ескерту: 29-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 9 қаулысымен .

30. Ерікті таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясы, бөлімшелерді ескере отырып уәкілетті органға белгіленген мерзімде жасалған жұмыстар туралы есепті, ал қажет болған жағдайда қосымша ақпаратты да береді.

31. Тарату жоспарында және кестесінде белгіленген мерзімдер бұзылған жағдайда тарату комиссиясы он күндік мерзімде уәкілетті органға тиісті құжаттардың көшірмелерімен қоса жазбаша түсініктеме, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысы қайта бекіткен тарату жоспары мен кестесін ұсынуға тиіс.

4-тарау. Активтерді басқару және шағым-талаптарды қарау

32. Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтеріне меншікті мүлкі және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы алдындағы басқа да

қаржылық міндеттемелері кіреді және тарату массасын қалыптастыруға негіз болады.

33. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясы осы Ережеге және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес кешіктірмей мүлікті (активтерді), жеке есепшоттарды, сақтандыру шарттарын (полистерін), сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өзге де шарттарын түгендеуге, сондай-ақ таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының уәкілетті қызметкерлерін қатыстыра отырып баланстық есепшоттар мен меморандум есепшоттарының барлық қалдықтарын салыстырып тексеруге міндетті. Түгендеу нәтижелері бойынша акт жасалады.

34. Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының түгендеу жолымен анықталған барлық активтері тарату массасына қосылады. Тарату басталғанда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының балансына енгізілмеген және түгендеу барысында анықталған активтер таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аралық тарату балансында көрсетілуі тиіс.

35. Барлық сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өзге де міндеттемелері бойынша шарттар қолда бар құжаттармен қоса сипатталады және кейін салыстырып тексерген кезде есептік-тіркеу құжаттарымен бірге сипатталады. Айырмашылық анықталған не құжат болмаған жағдайда себебі көрсетіле отырып, акт жасалады.

36. Тарату комиссиясы бағалау қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар бағалаушыны тарта отырып, таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкін бағалайды.

Ескерту: 36-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 9 қаулысымен .

37. Егер таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымындағы ақша кредиторлар мен акционерлердің талаптарын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болса, тарату комиссиясы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен және кредиторлар комитеті бекіткен мүлік сату жоспарына сәйкес жария сауда арқылы сатуды жүзеге асырады.

38. Тарату комиссиясы тарату массасын толықтыру үшін дебиторлық берешектерді өндіру, оның ішінде орналастырылған сақтандыру резервтері қаражатын қайтару жөніндегі жұмыстарды жүргізуге міндетті.

39. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының ерікті тарату туралы шешім қабылдауының нәтижесінде мүлктік құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтірілуі ықтимал заңды тұлғалар, заңды тұлға құрмастан кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын азаматтар сақтандыру (қайта сақтандыру)

ұйымдарымен дауды тікелей реттеу мақсатында оның тарату комиссиясына
жазбаша шағым-талап қояды.

Кредиторлар - жеке тұлғалар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясына растау құжаттарының көшірмелерімен қоса жазбаша өтініш береді.

40. Кредиторлардың талаптарында талаптың (негізгі борыштың, сыйақының (мүдденің), тұрақсыздық айыбының және басқа да айыппұл санкцияларының, шығындардың мөлшері туралы жеке-жеке талаптың негіздемесін және мөлшерін растайтын құжаттарды (күшіне енген сот шешімдері, шарттардың көшірмелері, борышкердің борышты мойындауы және басқалар) қоса берілген) мөлшері туралы мәліметтер болуы тиіс.

41. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мен кредитор арасында жасалған шартта өзге мерзім көрсетілмесе, шағым-талабы (өтініш) алынған күннен бастап екі апталық мерзімде қаралуы тиіс.

42. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясы шағым-талапты (өтінішті) қарау кезінде ұсынылып отырған талаптың заңдылығын және оның негізділігін тексеруі тиіс.

Егер шағым-талапқа (өтінішке) оны қарау үшін қажет болып табылатын құжаттар қоса берілмесе, өтініш берушіге құжатты ұсынудың, жолдағы почталық жіберілім уақытын қоспағанда 5 күннен кем болмауы тиіс мерзімін көрсете отырып сұрату жіберіледі.

Шағым-талапта (өтініште) көрсетілген мерзімде талап етілген құжаттар алынбаған жағдайда қолда бар құжаттар бойынша қаралады.

43. Шағым-талапты (өтінішті) алған тарату комиссиясы өтініш берушінің негізді талаптарын тануға және оны шағым-талапты (өтінішті) қарау нәтижелері туралы жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті.

Шағым-талапқа (өтінішке) берілген жауапта:

1) Шағым-талапты (өтінішті) берушінің және жауапты жіберген тарату комиссиясының толық атауы, почталық деректемелері, жауап беріліп отырған шағым-талаптың (өтініштің) күні мен номері көрсетіледі;

2) Шағым-талапты (өтінішті) толық немесе ішінара таныған жағдайда, егер олар ақшалай бағалауға жатпаса танылған сома немесе шағым-талапты (өтінішті) қанағаттандыру мерзімі және тәсілі көрсетіледі;

3) Шағым-талап (өтініш) толық немесе ішінара ауытқыған жағдайда - шағым-талаптың (өтініштің) ауытқуын негіздейтін тиісті нормативтік құқықтық актілер мен құжаттарға сілтеме жасай отырып ауытқу дәлелдері көрсетіледі;

4) жауапқа тіркелген құжаттардың және басқа дәлелдердің тізбесі көрсетіледі.

44. Шағым-талап (өтініш) толық немесе ішінара қайтарылған жағдайда, егер олар өтініш берушіде жоқ болса өтініш берушіге шағым-талаппен (өтінішпен) бірге алынған құжаттар, сондай-ақ шағым-талаптың (өтініштің) қайтарылуы негізделген құжаттар қайтарылуға тиіс.

45. Кредиторға жауап арнайы немесе бағалы хатпен, оның жіберілуін белгілеуді қамтамасыз ететін басқа да байланыс құралдарымен жіберіледі.

46. Шағым-талапты (өтінішті) беруге арналған мерзім сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ерікті таратылуы жөніндегі хабарландыру баспасөзде жарияланған күннен бастап есептеледі және 2 айдан кем болмауы керек.

47. Шағым-талапты (өтінішті) беруге арналған мерзім өткеннен кейін, сондай-ақ барлық берілген шағым-талаптарды (өтініштерді) қарағаннан кейін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясы бір ай мерзімде таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мүлкінің құрамы туралы мәліметтер, кредиторлар мәлімдеген шағым-талаптар мен өтініштердің тізбесі, оларды қараудың нәтижелері және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кредиторлары талап етпеген берешектер, кредиторлар талаптарының тізілімі бар активтерді түгендеу нәтижелерін ескере отырып аралық тарату балансын ж а с а й д ы .

Филиалдары немесе өкілдіктері бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аралық тарату балансы филиалдар мен өкілдіктердің аралық тарату балансы ескеріле отырып жасалады.

48. Тарату комиссиясы аралық тарату балансын және оның қосымшасын, оның ішінде кредиторлар талаптарының тізілімін өкілетті мемлекеттік орган бекіткен нысанда жасайды және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы акционерлерінің жалпы жиналысында бекітеді.

49. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясы кредиторлар талаптарының тізілімін кредиторлар талаптарын қанағаттандыру, олардың мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында жасайды және "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 72-бабында белгіленген кезектілікке сәйкес келуі тиіс.

50. Кредиторлар талаптарының тізіліміне кредиторлардың даусыз болып табылатын талаптары кіреді.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ағымдағы есепшотына ұсынылған соттардың сот шешімдері бойынша заң күшіне енген орындау құжаттары кредиторлардың талаптарын есепке алу үшін тарату комиссиясының төрағасына беріледі.

Орындау құжаттары танылған талаптар болып табылады және атқарылмаған сомалар мөлшерінде тиісті кезектілікпен кредиторлар талаптарының тізілімінде есептеледі.

51. Тарату комиссиясы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бекітілген аралық тарату балансының көшірмесін қосымшаларымен бірге уәкілетті органға береді.

52. Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының міндеттемелері бойынша есеп айырысу, "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 72-бабының 2-тармағында көзделген шығыстардан басқасы тек аралық баланс пен оның қосымшалары бекітілгеннен кейін ғана жүргізіледі.

5-тарау. Ерікті таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары кредиторларының талаптарын қанағаттандыру

53. Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы кредиторларының талаптарын қанағаттандыруды тарату комиссиясы "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 72-бабында көзделген тәртіппен оны сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы акционерлерінің жалпы жиналысында бекіткен күннен бастап аралық тарату балансына сәйкес жүргізеді.

54. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату өндірісіне байланысты шығыстар, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ерікті таратуға рұқсат беру туралы уәкілетті органның шешімі күшіне енгенге дейін болған сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға арналған шығыстар кезектен тыс жүргізіледі.

Тарату массасын мақсатқа сай емес жұмсауға, сондай-ақ қаражатты тарату комиссиясына еңбекақы төлеуге екі айдан астам мерзімге резервтеуге жол берілмейді.

Ескерту: 54-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 9 қаулысымен .

55. Сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемі жөнінде бірнеше кредиторлардың талаптары түскен кезде олар талаптардың түсу кезегі бойынша қанағаттандырылады.

56. Әрбір кезектің талабы алдыңғы кезек талабы толығымен қанағаттандырылғаннан кейін қанағаттандырылады.

Бір кезектегі кредиторлар талаптарын қанағаттандырған кезде қаражат олардың арасында талап сомаларына тең етіп бөлінеді.

57. Кредитор талабының тиісті кезегі келгенде кредитордың талабының келісімімен Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін тәсілдермен, оның ішінде ақшалай және (немесе) мүлік түрінде беру арқылы есептесудің мөлшерлес принципін сақтай отырып қанағаттандыруға болады.

58. Шағым-талап беру үшін тарату комиссиясы белгілеген мерзім өтіп кеткеннен кейін бірақ тарату балансы бекітілгенге дейін кредиторлар берген

талаптар белгіленген мерзімде тапсырылған кредиторлардың талаптарын қанағаттандырылғаннан кейін қалған, сақтандыру (қайта сақтандыру) мүлкінен қанағаттандырылады.

59. Тарату комиссиясы кредиторлардың талаптарын қанағаттандырудан бас тартқан жағдайда немесе оларды қараудан жалтарғанда кредитор сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату балансы бекітілгенге дейін тарату комиссиясына шағым бере отырып сотқа жүгінеді.

Белгіленген мерзімде берілген, бірақ соттың қанағаттандыру жөніндегі шешіміне қатысты тарату комиссиясы танымаған кредиторлардың талаптары кредиторлармен есеп айырысу үшін белгіленген кезектегі тәртіп бойынша қанағаттандырылады. Мұндай талаптарды толық қанағаттандырғанға дейін кезектегі кредиторлар талаптарын қанағаттандыру бойынша есеп айырысу тоқтатылады.

60. Егер кредитор сотқа шағым бермесе және сот шешімімен кредитордың талаптарын қанағаттандыру жөнінде бас тартылса тарату комиссиясы танымаған кредиторлардың талаптары өтелген деп саналады.

61. Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кредиторларымен есеп айырысуды аяқтағаннан кейін қалған мүлікті тарату комиссиясы "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен акционерлер арасында бөледі.

62. Кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін қаражат жетпеген жағдайда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы банкрот деп танылып еріксіз таратылады.

6-тарау. Өз еркімен таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кредиторлар комитеті

63. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының таратылуы кезінде кредиторлардың мүдделерін қамтамасыз ету және олардың қатысуымен шешімдер қабылдау мақсатында тарату комиссиясы кредиторлар комитетін құрады.

Кредиторлар комитеті өз қызметінде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

Ескерту: 63-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 9 қаулысымен .

64. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кредиторлар комитеті құрамының тізімін тарату комиссиясы кредиторлар талаптарының тізілімі бекітілген күннен бастап он күндік мерзімде жасайды және оған тарату комиссиясының төрағасы қол қойып, бекіту үшін дереу уәкілетті органға жіберіледі.

65. Кредиторлар комитетінің құрамына әрбір кезектегі топтан кем дегенде бір өкілден таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына талаптардың ең көп сомасы бар кредиторлар кіруге құқылы.

66. Кредиторлар комитеті мүшелерінің адам саны үштен тоғызға дейінгі тақ саннан тұрады.

67. Кредитор кредиторлар комитетінің жұмысына қатысудан бас тартуға құқылы.

68. Кредиторлар комитеті мүшесінің талабы толық қанағаттандырылған жағдайда, ол кредиторлар комитетінің құрамынан алынып тасталады. Мұндай жағдайда тарату комиссиясы кредиторлар комитетінің құрамын өзгерту бойынша жұмыс жүргізеді және кредиторлар комитетінің жаңа құрамының тізімін бекіту үшін уәкілетті органға ұсынады.

69. Тарату комиссиясы комитеттің бірінші мәжілісін өткізу орны мен күні жөнінде кредиторлар комитетінің барлық мүшелеріне хабардар етеді.

Кредиторлар комитетінің бірінші мәжілісі кредиторлар комитетінің құрамы бекітілген күннен бастап он күннен кешіктірмей өткізілуі тиіс. Кредиторлар комитеті бірінші мәжілісте комитеттің төрағасын сайлайды, оған дауыс беру рәсімінде дауыстар тең болған кезде шешуші дауыс құқығы беріледі. Кредиторлар комитетінің төрағасы комитеттің жұмыс жоспарын жасайды және бекітеді.

70. Кредиторлар комитетінің келесі мәжілістері комитет айқындаған тәртіпте және мерзімде шақырылады.

71. Кредиторлар комитеті:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының таратылуы процесінде жасалатын барлық құжаттармен танысуға;

2) кредиторлардың құқықтарының және мүдделерінің бұзылуы жөнінде шағымдарын қарастыруға қатысуға;

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының таратылуы процесінде кредиторлардың құқықтарының, заңды мүдделерінің және заң талаптарының бұзылуы жөнінде, оның ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясы мүшелерінің өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамағандығы жөнінде уәкілетті органды хабардар етуге;

4) тарату комиссиясының іс-әрекетіне сотқа және уәкілетті органдарға шағым беруге;

5) тарату комиссиясының мәжілістеріне және мүлікті өткізу бойынша аукциондарды қосқанда, таратылудың кез келген рәсімін жүргізген кезде оған қатысуға құқығы бар кредиторлар комитетінің мүшелері арасынан кредиторлардың өкілдерін сайлауға;

б) тарату комиссиясынан таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру)

ұйымының қаржы жағдайы жөнінде ақпаратты талап етуге;

7) таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дебиторлық берешегінің өндіріп алу мүмкін емес көлемін бекітуге;

8) тарату комиссиясы ұсынған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату массасын сату жоспарын бекітуге;

9) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық жай-күйін есепке ала отырып төраға мен тарату комиссиясының мүшелеріне төленетін негізгі және қосымша төлеммен қоса, тарату шығыстарының сметасын бекітуге;

10) жекелеген кредиторларды хабардар ету мүмкін еместігі жөнінде тарату комиссиясының актісін бекітуге;

11) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының балансынан мүлікті есептен шығару туралы тарату комиссиясының актісін бекітуге құқылы.

Ескерту: 71-тармаққа өзгерту мен толықтыру енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 9 қаулысымен .

72. Кредиторлар комитетінің мәжілістері хаттамасы ресімделеді.

73. Кредиторлар комитетінің шешімі жай көпшілік дауыспен қабылданады.

74. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қалған кредиторлары кеңес беру дауысы құқығымен кредиторлар комитетінің мәжілістеріне қатысу құқығына ие болады.

7-тарау. Уәкілетті орган

75. Уәкілетті орган "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 67-бабының 9 тармағына сәйкес өз еркімен таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясының қызметін бақылауды жүзеге асырады.

76. Уәкілетті орган :

1) тарату комиссиясы ұсынатын есептердің және қосымша ақпараттардың нысанын, мерзімін және кезеңін белгілейді;

2) тарату комиссиясы ұсынған кредиторлар комитетінің тізімін бекітеді;

3) алынып тасталды ;

4) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясының қызметін бақылау бойынша өзге де өкілеттіктері болады.

Ескерту: 76-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 9 қаулысымен .

77. Тарату процесі аяқталғанға дейін уәкілетті орган кредиторлар комитетінің , жекелеген кредиторлардың немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы

акционерлерінің сұранысы бойынша, сондай-ақ өз бастамасы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясының қызметін тексеруге құқылы.

78. Егер сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясының қызметін тексеру немесе уәкілетті органға ұсынылған мәліметтерді талдау нәтижесінде кредиторлардың және акционерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзу анықталғанда, сондай-ақ тарату процесін жүргізуде заңмен реттелген тәртіп бұзылғанда, уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясына мұндай құқық бұзуды олар белгілеген мерзімде жою туралы орындалуға міндетті жазбаша нұсқама жібереді.

79. Тарату комиссиясы белгіленген мерзімде жазбаша нұсқауды орындамаған жағдайда уәкілетті орган кредиторлардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау үшін сотқа не прокуратура органдарына өтініш береді.

Ескерту: 79-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 9 қаулысымен .

80. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өз еркімен таратуды аяқтау мүмкін болмаған жағдайда уәкілетті орган оны еріксіз тарату жөнінде сотқа шағымдануға құқылы.

8-тарау. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өз еркімен таратылуының аяқталуы

81. Таратылған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кредиторларымен және акционерлерімен есеп айырысуды аяқтағаннан кейін тарату комиссиясы тарату балансын және тарату жөнінде есепті жасайды.

82. Тарату комиссиясы жасаған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату туралы есеп және тарату балансы акционерлердің жалпы жиналысымен бекітіледі және ол әділет органдары мен уәкілетті органға жіберіледі.

83. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын қайта тіркеу "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есепке алу үшін тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жүргізіледі .

Ескерту: 83-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 9 қаулысымен .

84. Тарату комиссиясының өкілеттігі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын таратуды тіркеу туралы әділет органының бұйрығын алғаннан кейін, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының құжаттарын сақтау үшін архивке тапсырып, бұл жөнінде уәкілетті органды хабардар еткеннен кейін тоқтатылады.

9-тарау. Қорытынды ережелер

85. Осы Ережеде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасы заңдарының нормаларына сәйкес шешілуге тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ұ л т т ы қ Б а н к і н і ң

Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК